

Р. АГЫБЕТОВА¹, А. ШОКПАРОВ², Н. АБИШОВ²✉, М. БАЙМЫРЗАЕВА³

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Қазақстан, Астана)

²Халықаралық туризм және меймандостық университеті
(Қазақстан, Түркістан), e-mail: abishov.nurzhan@iuth.edu.kz

³І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Қазақстан, Талдықорған)

АГРОТУРИЗМНІҢ АУЫЛДЫҚ АЙМАҚТЫ ДАМУЫҒА ӘСЕРІ

Аңдатпа. Агротуризмнің ауылдық аймақтарды дамытудағы маңызды рөл атқаратыны ғылыми еңбектерде көп сараланған. Мақала агротуризмнің ауылды дамытуға қосатын экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әсерлерін талдайды. Агротуризм ауыл шаруашылығын қолдап, жергілікті өнімдердің нарыққа шығуына ықпал етеді, жұмыс орындарын құрады, шағын және орта бизнестің дамуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ауылдық жерлердегі мәдени мұраны сақтау мен қоғамның әлеуметтік бірлігін нығайтуға ықпал етеді. Қазақстанда агротуризмнің даму әлеуеті зор, ауылдық жерлердің инфрақұрылымын жақсартып, жастардың тұрақтап қалуына мүмкіндік береді. Мақалада агротуризмнің ауылды дамытудағы стратегиялық маңызы да қарастырылған, оның ауылдық өмір сапасын арттыру және ауыл шаруашылығы мен туризмді үйлестіру арқылы ауыл аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері қарастырылған.

Кілт сөздер: туризм, агротуризм, ауылдық аймақтар, агротуризм әсері, туристік ресурстар

Кіріспе

Агротуризм, ауылдық жерлерде орналасқан шаруашылықтар мен табиғи ресурстарды пайдаланып, демалушыларға ауыл өмірі мен оның ерекшеліктерін таныстыруды мақсат тұтатын туризмнің бір түрі. Оның негізгі мақсаты — табиғатқа жақын болу, ауылдық өмір салтымен танысу, жергілікті мәдениет пен дәстүрлерді сақтау және дамыту болып табылады. Қазіргі уақытта агротуризм ауылдық аймақтарды дамытудың тиімді құралдарының бірі болып саналады. Ауыл шаруашылығы мен туризмнің үйлесіміне негізделіп, ауылдағы экономикалық, әлеуметтік және экологиялық дамуға оң әсер етуі мүмкін [1].

Агротуризм, ауылдық аймақтардың экономикалық дамуына, табиғи ресурстарды сақтауға және ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына ықпал ететін маңызды салалардың бірі. Қазіргі таңда туризмнің түрі әлемнің көптеген елдерінде ауылдық өңірлердің экономикалық жағдайын жақсартуда, жергілікті халықтың өмір сүру деңгейін арттыруда және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуде тиімді құрал ретінде танылып отыр [2]. Агротуризм, әсіресе ауыл шаруашылығының дамуы үшін маңызды әрі тиімді бағыттардың

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз: Агыбетова Р., Шокпаров А., Абишов Н., Баймырзаева М. Агротуризмнің ауылдық аймақты дамытуға әсері –2025. –No2(8). –б. 98–111. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-2.07>

*Cite us correctly: Agybetova R, Shokparov A., Abishov N., Baimyrzaeva M. Agroturizmnin auyllyk aimakty damytuga aseri [The impact of agritourism on Rural Development] –2025. – No2(8). –b. 98–111. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-2.07>

бірі болып табылады, себебі ол ауылдық жерлердің табиғи байлықтарын, мәдениет пен дәстүрлерді сақтауға және дамытуға бағытталған [3].

Қазақстандағы ауылдық аймақтар үшін агротуризм — экономикалық тұрғыдан да, әлеуметтік тұрғыдан да маңызды сала. Әсіресе соңғы онжылдықтарда ауыл шаруашылығын әртараптандыру мен ауылдық аумақтарды дамытудың жаңа бағыттары аясында агротуризмнің рөлі айтарлықтай артты. Елде көптеген ауылдық аймақтарда ауыл шаруашылығы мен туризм саласының үйлесімі арқылы жаңа жұмыс орындары құрылып, жергілікті кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктер ашылды [5]. Сонымен қатар, агротуризм ауыл тұрғындарының мәдениетін, дәстүрлерін және табиғи ресурстарын таныстыру арқылы ұлттық құндылықтарды сақтауға ықпал етеді. Бұл ауылдық жерлердің өзіндік ерекшеліктерін және олардың табиғи байлықтарын құрметтеуді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады [6].

Агротуризм ауылдық аймақты дамыту үшін ерекше ықпал бола алады, себебі ауылдың экономикасын көтеруге әсер ету арқылы жергілікті халықтың ауылшаруашылығына және туризм саласының жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады [7]. Жергілікті халықтың өз өнімдерін өткізу, қонақтарға қызмет көрсету, өлкелік экскурсиялық қызметтерін ұсыну және ауыл халқының қолөнерлік шебер бұйымдарын жарнамалау, сату қызметтерінің артуы жергілікті экономиканың өсуіне әсерін тигізеді. Сонымен бірге, аграрлық туризм жаңа жұмыс орындарының ашулуына, инфрақұрылымның дамуына, ауыл халқының тұрмыс-тіршілігінің оңалуына оң серпін береді [9].

Агротуризм маңызды әсер ететін аспектілердің бірі әлеуметтік сала. Агротуризм ауыл халқының ынтымақтастығын арттыруға, жергілікті мәдени мұраны сақтап келесі ұрпаққа жеткізуде де маңызды рөл атқарады [8]. Аграрлық қызметті ұсынуға бағытталған туризмнің бұл түрі ауылдағы салт-дәстүрді жаңғыртуға, халықтың өмір салтын көрсету жағдайында қалалық және ауылдық мәдениет пен коммуникацияны дамытуға мүмкіндік жасайды, сонымен қатар, ауыл жастарының ауылда тұрақтауына жұмыс орнын ұсыну арқылы өздерінің ауылшаруашылығы кәсіптерін ашуға септігін тигізеді [10].

Экологиялық тұрғыдан алғанда, агротуризм табиғатты қорғауға және экологиялық балансты сақтауға ықпал етеді. Табиғатқа деген құрметті арттырып, ауыл шаруашылығында экологиялық таза әдістерді қолдануға түрткі болады [11]. Жергілікті өнімдер мен дәстүрлі ауыл шаруашылығы әдістері табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен экологиялық тұрақтылықты сақтау үшін маңызды құралдар болып табылады [12].

Қазақстанда агротуризмнің әлеуеті зор, әсіресе ауылдық аймақтардың инфрақұрылымын дамыту, ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттыру және ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы тұрғысынан. Сондықтан да агротуризмнің ауылды дамытудағы ықпалын зерттеу маңызды әрі өзекті мәселе болып табылады. Мақала агротуризмнің ауылды дамытуға қосатын үлесін тереңірек зерттеп, оның ауыл шаруашылығы мен туризмнің интеграциясы арқылы әлеуметтік-экономикалық және экологиялық әсерлерін талдауды мақсат етеді.

Мақалада агротуризмнің ауылды дамытуға қосатын үлесін зерттеу мақсатында оның себептері мен әсерлері талданады. Агротуризмнің ауылдық жерлердің экономикалық және әлеуметтік жағдайына ықпалы, оның экологиялық артықшылықтары, сондай-ақ ауылды аймақтарды дамытудағы маңызды рөлі қарастырылады.

Материалдар мен әдістер

Агротуризм саласындағы зерттеулерде жалпы ғылыми және осы салаға тән әртүрлі

әдістер қолданылады. Жалпы ғылыми әдістерден библиографиялық талдау, жүйелік талдау және синтез, құрылымдық-логикалық талдау, салыстырмалы, статистикалық талдау және экономикалық әдістер қолданылды, себебі агротуризмнің ауылды дамытуға әсерін талдау үшін жоғарыда аталған әдіс-тәсілдерді қолдану тақырыпты ашуға жеткілікті болды. Мақалада агротуризмнің ауылды дамытудағы стратегиялық маңызы да қарастырылған, оның ауылдық өмір сапасын арттыру және ауыл шаруашылығы мен туризмді үйлестіру арқылы ауыл аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері көрсетілген.

Нәтижелер мен талқылаулар

Агротуризмнің ауылды дамытудағы экономикалық аспектілері, агротуризм – ауылдық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын ынталандырудың тиімді құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Бұл сала ауыл шаруашылығы мен туризмді ұштастыра отырып, жергілікті халықтың табысын арттыруға, жұмыс орындарын құруға және ауыл инфрақұрылымын жақсартуға ықпал етеді. Агротуризм ауыл тұрғындарының дәстүрлі өмір салты мен мәдениетін сақтауына мүмкіндік беріп қана қоймай, сондай-ақ сырттан инвестиция тартуға және ауыл шаруашылығы өнімдерін нарыққа шығаруға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Агротуризм ауылды аймақтарды дамытудағы ең тиімді тәсілдердің бірі болып табылады, өйткені ол көптеген артықшылықтар ұсынады, мысалы:

- Экономикалық әсерлері (жергілікті экономикаға әсері, жұмыс орындарын құру, кіші және орта бизнес дамуы);
- Әлеуметтік әсерлері (мәдени мұраны сақтау, қоғамның бірігуі);
- Экологиялық әсерлері (табиғи ресурстарды сақтау, экологиялық таза өнімдерге сұраныс).

Агротуризмнің ауылды аймақтарды дамытудағы артықшылықтары төмендегі 1 суретте көрсетілген.



Сурет 1 – Агротуризмнің ауылдық аймақтарды дамытудағы артықшылықтары

Осылайша, агротуризм ауылды тұрақты дамыту мен оның экономикалық әлеуетін арттырудың маңызды тетігіне айналуға.

Агротуризмнің экономикалық маңыздылығы ауылдық аймақтардағы экономиканы әртараптандырудың тиімді жолдарының бірі. Көптеген ауылдық өңірлерде туризм, әсіресе агротуризм, ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу мен қызмет көрсету саласында жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Туристердің ауылдық жерлерге келуі жергілікті шаруалар мен фермерлер үшін жаңа нарықтар ашады. Бұл ауыл шаруашылығы өнімдерінің сұранысын арттырып, олардың саудалануына ықпал етеді. Агротуризм арқылы аймақтарда экологиялық таза өнімдерді сату, қолөнер бұйымдарын ұсыну және ауыл шаруашылығына қатысты экскурсиялар мен шаралар ұйымдастыру арқылы жаңа кәсіпкерлік мүмкіндіктер пайда болады. Агротуризм ауылда жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Мұның өзі қалаға көшу үрдісін азайтып, ауыл тұрғындарының ауылда тұрақтап қалуына ықпал етеді. Сонымен қатар, туристік инфрақұрылымның дамуы - қонақ үйлер, көлік қызметтері, экскурсиялық бағдарламалар - жаңа жұмыс орындарын ашу, ауыл тұрғындарына қосымша табыс көздерін ұсыну үшін маңызды фактор болып табылады. Мысалы, агротуризм арқылы ауылдық аймақтарда жаңа қонақ үйлер мен демалыс орындарын ашу, сонымен қатар жергілікті халыққа түрлі қызметтер ұсыну арқылы ауылдың экономикасын жандандыруға болады.

Агротуризм сонымен қатар ауыл шаруашылығын әртараптандыруға да ықпал етеді. Бұл саланың дамуы фермерлер мен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының тек ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруден басқа, туризм қызметтерін көрсетуге де назар аударуына мүмкіндік береді. Осылайша, агротуризм ауыл шаруашылығын жаңғыртуға, оның өнімдерін әртараптандыруға, нарықта бәсекеге қабілетті болуға ықпал жасайды[5].

Агротуризмнің әлеуметтік маңыздылығы ауылдық аймақтардың әлеуметтік дамуындағы маңызды рөл атқаратындылығы. Агротуризмді дамыту арқылы ауыл тұрғындары өздерінің мәдениетіне, дәстүрлеріне, өмір салтына мақтанышпен қарауға, оны туристерге көрсету арқылы өздері үшін де жаңа құндылықтар қалыптастыруға мүмкіндік алады. Туризм арқылы жергілікті халық өздерінің ұлттық мәдениетін танытуға, ұлттық қолөнер мен тағамдарды көрсетуге және дәстүрлі ауыл шаруашылығын дәріптеуге мүмкіндік алады. Ауыл тұрғындарының арасында бірлікті нығайтуға ықпал етеді. Бұл саланың дамуы қоғамның әлеуметтік байланыстарын күшейтіп, адамдардың бірігуіне септігін тигізеді. Туристік бағыттарды дамыту үшін ауыл тұрғындары арасында тығыз байланыс орнатылып, бірлескен іс-шаралар мен жобалар жүзеге асырылады. Сонымен қатар, агротуризм сырттан келген қонақтар мен жергілікті тұрғындар арасындағы мәдениетаралық диалогты арттырады, бұл өз кезегінде қала мен ауыл арасындағы байланыстарды нығайтады [8].

Агротуризм ауылдың демографиялық жағдайын жақсартуға да көмектеседі. Бұл сала жас адамдардың ауылда қалуын қамтамасыз етіп, олардың ауыл шаруашылығы мен туризм саласында жұмыс істеуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, агротуризмнің дамуы білім беру мен кәсіби дағдыларды арттыруға ықпал етеді, өйткені ауыл тұрғындары туризм саласы бойынша білім алып, кәсіби дамуға мүмкіндік алады.

Агротуризмнің экологиялық маңызы ауылдың экологиялық таза ауыл шаруашылығының қолданысқа енгізілуін ынталандырады. Агротуризмді дамытудың маңызды аспектілерінің бірі - табиғатты қорғау мен ауыл шаруашылығында экологиялық әдістерді қолдану. Жергілікті өнімдерді өндіру мен органикалық ауыл шаруашылығына бағытталған шаралар табиғатты қорғау, топырақтың құнарлылығын сақтау және

биоалуантүрлілікті қамтамасыз ету сияқты экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған [10].

Агротуризмнің ауылды дамытудағы стратегиялық маңызы еліміздің ауылдық аймақтарының экономикалық, әлеуметтік және экологиялық дамуына үлкен ықпал ете алуында. Агротуризм ауыл шаруашылығы мен туризмнің үйлесімді дамуымен, сондай-ақ табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен жергілікті мәдениетті сақтау арқылы ауылдардың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды құрал. Агротуризмді дамыту ауылдық жерлерде жастардың тұрақтап қалуына, олардың жұмыс орындарына қол жеткізуіне және ауыл шаруашылығы саласында кәсіпкерлік дағдыларын меңгеруіне мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде ауылдың демографиялық жағдайын тұрақтандырып, ауылдық өмірдің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Агротуризм әлемнің көптеген елдерінде ауылдық аймақтарды дамытудың тиімді құралы ретінде кеңінен қолданылуда. Бұл сала ауыл шаруашылығы мен туризмді үйлестіруге, ауылдық аймақтардың әлеуметтік және экономикалық жағдайын жақсартуға, сондай-ақ экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Әр түрлі елдерде агротуризмнің даму ерекшеліктері мен нәтижелері көрсетіп отырғандай, оның ауылды дамытуға қосатын үлесі айтарлықтай маңызды [15]. Агротуризмнің шетелдегі тәжірибесі Қазақстан үшін де маңызды үлгі болып табылады. Агротуризмнің ауылды дамытуға қосатын үлесінің шетелдік модельдерін қарастырайық:

Италия моделі: Агротуризмнің экономикалық және әлеуметтік әсері, Италия агротуризмнің ең дамыған елдерінің бірі. Бұл елде агротуризм тарихи түрде қалыптасып, ауылдық аймақтардағы экономика мен қоғамды дамытуға үлкен ықпал етті. Италияның көптеген аймақтарында агротуризм ауыл шаруашылығының негізгі саласы мен туризмді біріктіретін ұтымды индустрияға айналды. Италияндық агротуризмнің үлгісі жергілікті тұрғындардың ауыл шаруашылығы өнімдерін сатуы, қонақжайлылық қызметтерін ұсынуы, дәстүрлі аспаздық өнер мен мәдениетті таныстыру сияқты қызметтерді қамтиды. Италияның агротуризмді дамытудағы басты ерекшелігі - оның жергілікті мәдениет пен дәстүрлерді сақтау арқылы ауылдық туризмді қалыптастыруында. Италиялық фермерлер туризм саласында жаңа мүмкіндіктерді ашып, табиғи таза өнімдерді өндірумен қатар, осы өнімдерден түрлі аспаздық өнер туындыларын жасап, туристерге ұсынады. Бұл тек экономикалық пайда әкеліп қана қоймай, жергілікті мәдениеттің сақталуына және ауылдық өмірдің ерекшеліктерінің танылуына мүмкіндік береді. Агротуризмді дамыту арқылы Италия ауылды аймақтарда жұмыс орындарын көбейтіп, жастардың ауылда тұруына және жұмыс жасауына жағдай жасайды [6].

Италияның тәжірибесі Қазақстан үшін де өте маңызды, себебі біздің елімізде де ауыл шаруашылығы мен мәдени мұраны үйлестіру арқылы агротуризмді дамытудың әлеуеті зор.

Франция моделі: Экологиялық туризм мен ауыл шаруашылығының үйлесімі, Францияда агротуризм дамыған және экологиялық туризммен тығыз байланысты. Францияның агротуризм моделі ауыл шаруашылығы мен экологиялық тұрақтылықты үйлестіруге бағытталған. Мұнда агротуризм ауылдың экологиялық таза өнімдеріне және табиғи ресурстарды сақтау мен қорғауға баса назар аударады. Франциядағы агротуризм тек қана ауыл шаруашылығы өнімдерін сатумен шектелмейді, сонымен қатар жергілікті экологиялық тұрақты әдістермен өндірілген өнімдерді туристерге таныстыруды қамтиды. Франциядағы фермерлер табиғи ландшафттардың әсемдігін көрсетіп, экологиялық жағынан таза өнімдер

шығарып, туристерді тартуды мақсат етеді. Францияда экологиялық таза ауыл шаруашылығын дамыту үшін арнайы мемлекеттік бағдарламалар мен субсидиялар бар. Бұл ауылдық аймақтарды дамытуда агротуризмнің стратегиялық маңызын көрсетеді. Туристер экологиялық таза өнімдерді сатып алу арқылы экологияны сақтау және ауыл шаруашылығын дамытуға үлес қосады. Сонымен қатар, Францияда агротуризм ауыл шаруашылығы мен табиғатты қорғаудың бірлескен дамуын қамтамасыз етеді, бұл ауылдағы жұмыс орындарын көбейтуге және ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға көмектеседі [4].

Француз тәжірибесі Қазақстанға экологиялық агротуризмді дамыту үшін пайдалы үлгі бола алады. Ауыл шаруашылығында экологиялық әдістерді қолдану және туризмді экологиялық аспектілермен үйлестіру еліміздің ауылдық аймақтарының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жаңа Зеландия моделі: Агротуризм арқылы ауыл шаруашылығын әртараптандыру. Жаңа Зеландияда агротуризм ауыл шаруашылығын әртараптандырудың тиімді құралы ретінде қолданылады. Бұл елде агротуризм әсіресе мал шаруашылығымен айналысатын фермерлер арасында танымал. Жаңа Зеландияның агротуризм жүйесі ауыл тұрғындарына қосымша табыс көзін ұсынады. Сонымен қатар, агротуризм ауылдың дамуындағы экономикалық мүмкіндіктерді ашып, қала мен ауыл арасындағы байланысты нығайтады. Агротуризм Жаңа Зеландияда ауыл шаруашылығының дәстүрлі әдістерін көрсету және туристерге жергілікті өнімдер мен дәстүрлерді таныстыру арқылы жүзеге асады. Мұнда туристер агротуризмді қызығушылықпен тамашалап, фермерлердің күнделікті жұмысын көреді, өнімдер өндірісінің процесімен танысады. Жаңа Зеландияда агротуризм ауыл шаруашылығы мен туризмді үйлестіру арқылы ауылдағы экономикалық белсенділікті арттырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді [10].

Қазақстан үшін Жаңа Зеландияның тәжірибесі ауыл шаруашылығын әртараптандыру мен агротуризмді дамытуда үлкен мәнге ие. Агротуризм ауыл шаруашылығын туризммен үйлестіру арқылы ауылдық аймақтардың экономикалық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Испания моделі: Агротуризм және ауыл шаруашылығындағы инновациялар. Испанияда агротуризм ауылдық аймақтарды дамытуда маңызды рөл атқарады, әсіресе Андалусия аймағында бұл сала үлкен танымалдылыққа ие. Испанияның агротуризм моделінде фермерлер инновациялық әдістерді қолдана отырып, жергілікті өнімдерді сату мен туризмді дамытуға бағытталған. Испанияда агротуризм ауыл шаруашылығын жаңғырту мен жаңа технологияларды енгізуді көздейді, бұл өз кезегінде ауылдық аймақтардың дамуына және туристердің қызығушылығын арттыруға ықпал етеді [10].

Испанияның агротуризмнің ерекшелігі - ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді туризммен ұштастырып, ауыл шаруашылығында қолданылатын инновациялық технологияларды көрсету. Бұл тәсіл туристерді тарту мен жергілікті экономиканы дамытуда маңызды рөл атқарады.

Ресей моделі: Агротуризмнің ауылды дамытудағы рөлі мен тәжірибесі. Ресейде агротуризм соңғы жылдары ауылды дамытудағы маңызды бағыттардың біріне айналды. Елдегі агротуризмді дамыту үдерісі әлі де болса бастапқы кезеңде болғанымен, ауылдық аймақтардың экономикалық өсуі мен әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін агротуризм үлкен әлеуетке ие. Ресейде агротуризм ауыл шаруашылығын жандандырып, ауылдардың инфрақұрылымын жақсартуға және жұмыс орындарын құруға көмектеседі.

Ресейдің агротуризм саласында негізінен үш негізгі бағыт бар: ауылдағы фермерлік шаруашылықтарда туристер үшін экскурсиялар мен демалыс орындарын ұйымдастыру, экологиялық таза өнімдер өндірісі, сондай-ақ жергілікті мәдениет пен дәстүрлерді таныстыру. Бұл бағыттар арқылы агротуризм аймақтардың экономикасына қосымша қаржы ағынын әкеліп, жергілікті тұрғындардың өмір сүру деңгейін жақсартады [7].

Жоғарыда қарастырып кеткен үздік шетел тәжірибелерінде агротуризмнің ауылдық аумақты дамытудағы маңыздылығын сараланды. Қарастырылған мемлекеттердің агротуризм саласын дамыту стратегиялары мен жетістіктері ауылдық аймақтың шаруашылығын әртараптандыру, жергілікті экономиканы қолдау, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету, ауылдық мәдениетті сақтап болашақты қамтамасыз етуге болатынын көрсетті. Біздің мемлекет үшін осы тәжірибелердің маңыздылығы жоғары, себебі агротуризмнің ауыл аймақтарын өркендетуге тиімділігі жоғары.

Еліміздің агротуризм саласы соңғы жылдары қарқынды түрде дамып келеді, төмендегі 2 суретте агротуризмнің ауылды дамытуға қосатын үлесі сараланған.



Сурет 2 – Агротуризмнің ауылдық аймақтарды дамытуға қосқан үлесі

Агротуризмнің ауылды дамытуға қосатын үлесін анықтау үшін статистикалық мәліметтер мен зерттеулерді қарастыру маңызды. Бұл мәліметтер агротуризмнің ауыл шаруашылығына, экономиканың басқа салаларына және әлеуметтік жағдайға әсерін бағалауға мүмкіндік береді [13]:

Агротуризмнің жалпы дамуы соңғы жылдары айтарлықтай байқалуда. Қазақстанда туризмді дамыту мақсатында заңнамаға түзетулер әзірленді. Аграрлық туризмді дамытуға жақсы серпін беріліп отыр, бұл ауыл экономикасының өсуіне ықпал ететін болады. Қазіргі уақытта елде 200 мыңнан астам шаруа қожалықтары бар. Бұл шара ауыл тұрғындары үшін қосымша жұмыс орындарын құруға және ауылдық аумақтардың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді [16].

Қазақстанның агро және ауылдық туризм қауымдастығының ақпараты бойынша

алдын ала есептеулеріне сәйкес, өңірлерде агро және ауылдық туризмді дамыту есебінен агротуризмнің жыл сайынғы айналымы 2025 жылы шамамен 10 млрд теңгені құрауы мүмкін, оның ішінде шетелдік туристер есебінен 1 млрд теңгеге дейін. Сондай-ақ, маршруттар әзірлеу, агро және ауылдық туризм объектілері мен өнімдерінің тізілімін қалыптастыру үшін экспедициялық-түгендеу маршруттарын жүргізу, туристік өнімдер мен өңірлердің/аудандардың агротуристік әлеуетін дамытудың кешенді жоспарларын жасау қажеттілігін де айтады. Қалыптасқан тұрақты туристік өнімдер мен аумақтық туристік брендтер қалыптастыру процесінде белсенді жұмыстар атқарылып жатыр, ауыл тұрғындарының туристерді қабылдау және іс-шараларды өткізу жөніндегі жұмысын дербес үйлестіру жұмыстары да қолға алынған, коммуникациялар мен жылжыту арналары және т.б. мүмкіндіктерін дұрыс жолға қою жоспарланып отыр [17].

Сондай-ақ, Қазақстан ауылдық туризмді дамытқаны үшін марапаттарға ие болды: Саты ауылы best Tourism Village Award сыйлығын алды, ал Катонқарағай ауданының жобасы ITB Berlin 2024-те үшінші орынды иеленді.

Агротуризмнің дамуы ауылдық аймақтардағы инфрақұрылымды жаңартуға да әсер етті. Ауылдық аймақтарда жаңа қонақ үй, демалыс аймақтары және туризмге арналған нысандар салынды. Бұл инфрақұрылымның дамуы туристер санының артуына және ауылдық аймақтардың тартымдылығына тікелей ықпал етті.

2024 жылы 2024 жылы Kazakh Tourism ұлттық компаниясы Ақмола облысының агротуризм бойынша алғашқы «Көшпенділер ізімен: Астана маңы мен Ақмола облысы» жолсілтемесін әзірледі. Каталог туристерге аграрлық және ауылдық туризм элементтері бар саяхаттар мен бірегей бағыттарды ұсынады (сурет 3).



Сурет 3 – «Көшпенділер ізімен: Астана маңы мен Ақмола облысы» жолсілтемесінің логотипі

Туристер өңірге саяхаттарын алдын ала жоспарлай алады. Олар аутентикалық маршруттармен жүріп, 20-дан астам ауылдық туризм нысандарын аралауға мүмкіндік бар. Омарталар, қолөнершілер және бірегей фермалар – олардың бір бөлігі ғана.

Жолсілтеме арқылы туристер қай жерде глэмпингте түнеуге, маралдарды көруге және

нағыз табиға атмосфераны сезінуге болатын жерлерді көрсетеді. Этнотурларда салт-дәстүрлермен және тұрмыспен танысуға, ұлттық тағамдарды дайындаудың құпияларын білуге, өз қолымен зергерлік бұйымдар мен мүсіндер әзірлеуге болады.

«Еліміздің әр өңірі саяхатшыларға туризмнің әртүрлі және танымал түрлерін ұсына алады. Ақмола облысының агротуризм туралы қажетті ақпаратты жинап, оны барлығына қолжетімді етуге шешім қабылданған. Нұсқаулық туристерге жылдам бейімделуге және өңірге саяхат бағдарламасын жасауға мүмкіндік береді. Әр адам өлкенің бірегей орындары мен нысандарын таба алады. Жолсілтеме туристерге қажетті байланыс деректері бар агротуристтік бағыттарды ғана емес, сонымен қатар қауіпсіздік техникасы бойынша ұсыныстарды және өзімен бірге қандай киім алу керектігін де ұсынады».

Жолсілтеме қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрді. Пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін каталог практикалық ақпаратпен, сондай-ақ туристер үшін пайдалы кеңестермен жабдықталған [18].

Егер Ұлттық компания еліміздің басқа өңірлерінде де осындай агротуризм жолсілтемелерін әзірлесе, осы туризм саласын дамытуға үлкен мүмкіндік болар еді.

Сонымен қатар, [19] әдебиет көзі мәліметіне сәйкес елімізде агротуризмнің даму тенденциясының қалыптасқанын көруге болады. Агротуризмді дамыту облыстар көлемінде ақырындап қарқын алғанын төмендегі 1 кесте мәліметтерінен көруге болады.

№	Облыс атауы	Қамтылған елді мекен саны	Аграрлық туризм нысандары
1	Алматы облысы	4	81 нысан
2	Ақмола облысы	16	30 нысан
3	Түркістан облысы	5	16 нысан
4	Жетісу облысы	2	13 нысан
5	Қарағанды облысы	1	7 нысан
6	Шығыс Қазақстан облысы	2	12 нысан
7	Солтүстік Қазақстан облысы	2	6 нысан
8	Маңғыстау облысы	3	3 нысан
9	Жамбыл облысы	1	1 нысан
Жалпы:		36	169 нысан

Кесте 1 – Республика бойынша аграрлық туризм нысандары

Market research intellect зерттеулеріне сәйкес, әлемдік агротуризм нарығының көлемі 2024 жылы 33,8 млрд. доллар табыспен бағаланды. Бұл ретте сала жоғары өсу қарқынын жылына шамамен 12,5% өсімді көрсетіп отыр, зерттеу болжамы бойынша 2032 жылға қарай агротуризмнің әлемдік көрсеткіші 92,5 млрд. долларды құрайды [20].

Демек, саланың өте табысты кәсіп көзі екенін ескеретін болсақ Қазақстандағы агротуризмнің маңызды бағыттарының бірі – экологиялық таза өнімдер өндірісі. Соңғы жылдары агротуризм арқылы экологиялық таза ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты артты. Бұл, өз кезегінде, аграрлық сектордың тұрақты дамуына және экологиялық жауапкершіліктің артуына ықпал етіп, салаға сұранысты да арттырып отыр.

Агротуризм жастарды ауылда тұрақты тұруға ынталандырады. Агротуризмді дамыту нәтижесінде ауылдық аймақтарда жастардың тұрақты жұмысқа орналасқаны және ауылға

оралу тенденциясы байқалып отыр. Бұл ауылдың демографиялық жағдайына оң әсерін көрсетіп отыр.

Қорытынды

Біздің елімізде агротуризмнің табысты дамуы үшін қажетті көптеген табиғи, мәдени, адами және басқа ресурстар бар. Бұл нарықта осы қызметтерді ұсынудың өсуіне әкеледі. Екінші жағынан, салауатты өмір салты мен "жасыл" мінез-құлықтың танымалдылығының артуы немесе туризмнің танымдық және "дәстүрлі емес" түрлеріне сұраныстың артуы секілді бірқатар жағымды факторларға байланысты агротуризмге сұраныс артып келеді.

Агротуризмнің дамуы мемлекетке салық түсімдерінің артуынан бастап ауылдық жерлердің жандануына және аумақтардың дамуына дейінгі көптеген жағымды факторларды береді. Сонымен қатар, агротуризм ауыл шаруашылығы мен туризммен ғана емес, сонымен қатар синергетикалық әсердің арқасында Ұлттық экономика мен ЖІӨ-нің айтарлықтай өсуіне әкелетін бірқатар басқа салалармен де байланысты. Экономикалық тұрғыдан ауыл шаруашылығы өнімдерінің сатылуын арттырып, ауыл тұрғындары үшін жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, агротуризм жергілікті мәдениет пен дәстүрлерді сақтауға ықпал етеді, ауылдағы жастардың тұрақтап қалуына жағдай жасайды және экологиялық таза өнімдер өндірісін дамытуға үлес қосады.

Мемлекет тарапынан бастау алып отырған іс-шаралар кешенін арттыру арқылы да туризмнің осы саласын туристерді көп тарта алатын бағытқа айналдыруға еліміздің аграрлық туристік әлеуеті толық жетеді деп қорытындылауға болады.

Осылайша, агротуризм ауылды дамытудағы стратегиялық маңызға ие салалардың бірі болып табылады. Қазақстанның агротуризм әлеуетін толық пайдалануы үшін шетел тәжірибелерін ескере отырып, ауыл шаруашылығын әртараптандыру, экологиялық таза әдістерді енгізу, ауыл инфрақұрылымын дамыту және мемлекет тарапынан қолдау көрсету қажет. Агротуризм ауылдық аймақтарды дамытуда және ауыл тұрғындарының өмір сапасын жақсартуда жаңа мүмкіндіктерді аша алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Молдағали Б. Агротуризм және ауылдық аймақтарды дамыту: теория және практика. – Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2019. – 184 б.
2. Давыдова Л. С. Агротуризм: сельские районы как новая отрасль развития. – Москва: Экономика, 2018. – 176 с.
3. Андреев И. В. Суть агротуризма как интеграции сельского хозяйства и туризма // Туризм и экономика. – 2020. – Т. 35, № 2. – С. 45–58.
4. Van der Meide M. Agrotourism: European experience and its role in rural development. – Brisbane: Routledge, 2017. – 210 p.
5. Громова Н. А. Агротуризм и экологический туризм: новые возможности для устойчивого развития. – Санкт-Петербург: Невский университет, 2021. – 152 с.
6. Hale S. Сельский туризм в Италии и его влияние на местное население // Туризм и развитие. – 2016. – Т. 42, № 5. – С. 77–83.
7. Юрьев В. А. Агротуризм в России: развитие и перспективы. – Москва: Русь, 2019. – 198 с.
8. Алексеева В. Е. Агротуризм и экологическое сельское хозяйство. – Махачкала: Изд-во Дагестанского университета, 2018. – 140 с.

9. Сорокин А. И. Агротуризм и сельский туризм: вклад в развитие сельских территорий // Агроэкономика. – 2020. – Т. 27, № 3. – С. 13–25.
10. Жукова О. А. Опыт агротуризма в Новой Зеландии и Испании // Туризм и экология. – 2022. – Т. 30, № 1. – С. 50–65.
11. Food and Agriculture Organization (FAO). Rural development and agri-tourism: A global perspective. – Rome: FAO, 2021. – 108 p.
12. Organisation for Economic Co-operation and Development (OECD). Rural development and sustainable tourism: Policy recommendations. – Paris: OECD, 2020. – 120 p.
13. Қазақстанның агротуризм нарығы: мүмкіндіктер мен қиындықтар. – Астана: ҚР Ұлттық статистика агенттігі, 2022. – 54 б.
14. Назарбаев Н. Ә. Қазақстанның жаңа экономикалық саясаты: аграрлық секторды дамыту. – Астана: ҚазМем баспасы, 2018. – 200 б.
15. Agri-tourism and sustainable rural development // International Journal of Tourism Research. – 2020. – Vol. 26, No. 4. – P. 100–112.
16. Фермеры Казахстана смогут получить дополнительный доход за счет развития агротуризма [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://east-fruit.com/novosti/fermery-kazahstana-smogut-poluchit-dopolnitelnyj-dohod-za-schet-razvitiya-agroturizma/> (дата обращения: 06.02.2025).
17. Официальный сайт «Казахстанская ассоциация агро и сельского туризма» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://kaart.kz> (дата обращения: 06.02.2025).
18. QazTourism. Логотип проекта «Көшпенділер ізімен: Астана маңы мен Ақмола облысы» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://qaztourism.kz/press-center/all/1592/> (дата обращения: 06.02.2025).
19. Республика бойынша аграрлық туризм нысандары // Цифрлық репозиторий АПА [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://repository.apa.kz/handle/123456789/1236> (дата обращения: 06.02.2025).
20. Размер рынка агротуризма по продуктам, по приложениям, по географии, конкурентной среде и прогнозу // Market research intellect. – Февраль 2025. – URL: <https://www.marketresearchintellect.com/ru/product/agro-tourism-market/> (дата обращения: 06.02.2025).

REFERENCES

1. Moldağali B. Agroturizm және ауылдық аймақтарды дамыту: теория және практика. [Agritourism and Rural Area Development: Theory and Practice] – Almaty: QazҰУ баспасы, 2019. – 184 б.
2. Davydova L. S. Agroturizm: selskie raiony kak novaia otrasl razvitiia. [Agrotourism: Rural Areas as a New Sector of Development] – Moskva: Ekonomika, 2018. – 176 s.
3. Andreev İ. V. Süt agroturizma kak integrasii selskogo hozäistva i turizma [The Essence of Agritourism as an Integration of Agriculture and Tourism] // Turizm i ekonomika. – 2020. – Т. 35, № 2. – S. 45–58.
4. Van der Meide M. Agrotourism: European experience and its role in rural development. – Brisbane: Routledge, 2017. – 210 p.
5. Gromova N. A. Agroturizm i ekologicheski turizm: novye vozmojnosti dlä ustoichivogo razvitiia. [Agrotourism and Ecotourism: New Opportunities for Sustainable Development] – Sankt-

Peterburg: Nevski universitet, 2021. – 152 s.

6. Hale S. Selski turizm v Italii i ego vlianie na mestnoe naselenie [Rural Tourism in Italy and Its Impact on the Local Population] // Turizm i razvitie. – 2016. – T. 42, № 5. – S. 77–83.

7. Ĭurev V. A. Agroturizm v Rossii: razvitie i perspektivy. [Agritourism in Russia: Development and Prospects] – Moskva: Rüs, 2019. – 198 s.

8. Alekseeva V. E. Agroturizm i ekologicheskoe selskoe hozäistvo. [Agritourism and Organic Farming] – Mahachkala: Ĭzd-vo Dagestanskogo universiteta, 2018. – 140 s.

9. Sorokin A. Ĭ. Agroturizm i selski turizm: vklad v razvitie selskih territori [Agritourism and Rural Tourism: Contribution to the Development of Rural Areas] // Agroekonomika. – 2020. – T. 27, № 3. – S. 13–25.

10. Jukova O. A. Opyt agroturizma v Novoi Zelandii i Ĭspanii [Experience of Agritourism in New Zealand and Spain] // Turizm i ekologia. – 2022. – T. 30, № 1. – S. 50–65.

11. Food and Agriculture Organization (FAO). Rural development and agri-tourism: A global perspective. [Rural Development and Agri-Tourism: A Global Perspective] – Rome: FAO, 2021. – 108 p.

12. Organisation for Economic Co-operation and Development (OECD). Rural development and sustainable tourism: Policy recommendations. [Rural Development and Sustainable Tourism: Policy Recommendations] – Paris: OECD, 2020. – 120 p.

13. Qazaqstannyñ agroturizm naryğy: mümkindikter men qyndyqtar. [Kazakhstan's Agritourism Market: Opportunities and Challenges] – Astana: QR Ŭlttyq statistika agenttğı, 2022. – 54 b.

14. Nazarbaev N. Ä. Qazaqstannyñ jaña ekonomikalyq saiasaty: agrarlyq sektordy damytu. [Kazakhstan's New Economic Policy: Agricultural Sector Development] – Astana: QazMem baspasy, 2018. – 200 b.

15. Agri-tourism and sustainable rural development [Agri-Tourism and Sustainable Rural Development] // International Journal of Tourism Research. – 2020. – Vol. 26, No. 4. – P. 100–112.

16. Fermery Kazahstana smogut poluchit dopolnitelnyi dohod za schet razvitiya agroturizma [Kazakhstan's Farmers Can Earn Additional Income through Agritourism Development][Elektronnyi resurs]. – Rejim dostupa: <https://east-fruit.com/novosti/fermery-kazahstana-smogut-poluchit-dopolnitelnyj-dohod-za-schet-razvitiya-agroturizma/> (data obraşenia: 06.02.2025).

17. Ofisiälnyi sait «Kazahstanskaia assosiasia agro i selskogo turizma» [Official Website of the “Kazakhstan Association of Agro and Rural Tourism”] [Elektronnyi resurs]. – Rejim dostupa: <https://kaart.kz> (data obraşenia: 06.02.2025).

18. QazTourism. Logotip proekta «Köşpendiler ızimen: Astana mañy men Aqmola oblysy» [QazTourism. Project Logo “In the Footsteps of Nomads: Around Astana and Akmola Region”] [Elektronnyi resurs]. – Rejim dostupa: <https://qaztourism.kz/press-center/all/1592/> (data obraşenia: 06.02.2025).

19. Respublika boiynşa agrarlyq turizm nysandary [Agritourism Facilities Across the Republic] // Sifrlıq repozitori APA [Elektronnyi resurs]. – Rejim dostupa: <https://repository.apa.kz/handle/123456789/1236> (data obraşenia: 06.02.2025).

20. Razmer rynka agroturizma po produktam, po priloeniam, po geografii, konkurentnoi srede i prognozu [Agritourism Market Size by Product, Application, Geography, Competitive Landscape, and Forecast] // Market research intellect. – Fevräl 2025. – URL:

<https://www.marketresearchintellect.com/ru/product/agro-tourism-market/> (data obraşenia: 06.02.2025).

Р. АГЫБЕТОВА PhD, қауымдастырылған профессор Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, (Қазақстан, Астана) e-mail: agybetova@mail.ru	А. ШОКПАРОВ Педагогика ғылымдарының кандидаты Халықаралық туризм және меймандостық университеті, (Қазақстан, Түркістан) e-mail: shokparov.alibek@iuth.edu.kz
Н. АБИШОВ PhD, қауымдастырылған профессор м.а. Халықаралық туризм және меймандостық университеті, (Қазақстан, Түркістан) e-mail: abishov.nurzhan@iuth.edu.kz	М. БАЙМЫРЗАЕВА к.э.н., доцент І.Жансүгіров атындағы Жетісу университет (Қазақстан, Талдықорған) e-mail: aiko_1990kz@mail.ru
	06.02.2025 ж. баспаға түсті 10.03.2025 ж. түзетулермен келді 30.06.2025ж. басып шығаруға қабылданды

R. AGYBETOVA¹, A. SHOKPAROV², N. ABISHOV²✉, M. BAIMYRZAYEVA³

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan, Astana)

²International University of Tourism and Hospitality
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: abishov.nurzhan@iuth.edu.kz

³Zhetisu University named after I. Zhansugirov (Kazakhstan, Taldykorgan)

THE IMPACT OF AGRO TOURISM ON RURAL DEVELOPMENT

Abstract. Agritourism is recognized as one of the most important tools for the development of rural areas. This article analyzes the economic, social, and ecological impacts of agritourism on rural development. Agritourism supports agriculture, facilitates the entry of local products into the market, creates jobs, and stimulates the development of small and medium-sized businesses. Additionally, it helps preserve cultural heritage in rural areas and strengthens social cohesion within society. In Kazakhstan, agritourism has significant potential for development, improving the infrastructure of rural areas and providing opportunities for youth to settle and stay. The research methods used in this article include literature review, comparative, and statistical analysis, as these methods are sufficient for exploring the impact of agritourism on rural development. The article also examines the strategic importance of agritourism in rural development, its impact on improving the quality of rural life, and its role in the socio-economic development of rural regions through the integration of agriculture and tourism. Considering the above, agritourism is an effective tool that contributes to the sustainable development of rural areas.

Keywords: tourism, agritourism, rural development, tourism development, tourist resources

Р. АГЫБЕТОВА¹, А. ШОКПАРОВ², Н. АБИШОВ²✉, М. БАЙМЫРЗАЕВА³

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Казахстан, Астана)

²Международный университет туризма и гостеприимства
(Казахстан, Туркестан), e-mail: abishov.nurzhan@iuth.edu.kz

³Жетысуский университети имени И. Жансугурова (Казахстан, Талдықорған)

ВЛИЯНИЕ АГРОТУРИЗМА НА РАЗВИТИЕ СЕЛЬСКОГО РЕГИОНА

Аннотация. Агротуризм признан одним из важнейших инструментов для развития сельских территорий. В статье анализируются экономические, социальные и экологические воздействия агротуризма на развитие сельских районов. Агротуризм поддерживает сельское хозяйство, способствует выходу местной продукции на рынок, создает рабочие места и стимулирует развитие малого и среднего бизнеса. Кроме того, он способствует сохранению культурного наследия сельских территорий и укреплению социальной сплоченности общества. В Казахстане агротуризм имеет большой потенциал для развития, улучшая инфраструктуру сельских районов и предоставляя возможности для устойчивого пребывания молодежи. В качестве методов исследования в данной статье использованы методы обзора литературы, сравнительного и статистического анализа, так как использование этих методов достаточно для раскрытия темы анализа влияния агротуризма на развитие сельских территорий. В статье также рассматривается стратегическое значение агротуризма в развитии сельских территорий, влияние на улучшение качества сельской жизни и социально-экономическое развитие сельских регионов через сочетание сельского хозяйства и туризма. С учетом вышеизложенного, агротуризм является эффективным инструментом, способствующим устойчивому развитию сельских территорий.

Ключевые слова: туризм, агротуризм, развитие села, туристическое развитие, туристические ресурсы